ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

* ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *

Қазақстан Республикасы, Алматы, Хан шатыр, 3. e-mail: kazzhastar@mail.ru, тел.: +7 775 919 80 99

Исх. № 910/04 27.04.21 ж.

Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қоры *(әрі қарай – Қоғамдық Қор, БСН: 150240026664)*, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының *(әрі қарай - Басқарма)* goszakup.gov.kz порталында жариялаған *(хабарландыру № 5590697-1, лот №* 39074889-ГС32*, Алматы қаласының дінге сенуші мұсылмандары арасында дәстүрлі рухани сана қалыптастыру және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу) (әрі қарай - конкурс)* конкурстың қорытынды хаттамасы бойынша төмендегідей келіспеушіліктерімізді мәлімдейміз. **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, қорытынды хаттаманы қайта қарастыруды сұраймыз.**

1-ДӘЛЕЛ: Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасының, 1- **«Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі»** тармақшасы бойынша

1. "Адам және қоғам" мемлекеттік емес ұйымы" қоғамдық бірлестігі конкурсқа қатысудан шеттетілуі тиіс болатын.

Себебі: **"Адам және қоғам" мемлекеттік емес ұйымы"** қоғамдық бірлестігінің ұсынған жобасында Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасының, 1- **«Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі» тармақшасы толтырылмаған.** Яғни, Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді** (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді).

Осы тармақ бойынша **"Адам және қоғам" мемлекеттік емес ұйымы" қоғамдық бірлестігі** ұсынған жобасында тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкестігін жазуы тиіс еді. Алайда, ұйым өзінің жарғысына сәйкес мақсаттарын, міндеттерін ғана жазып өткен. Және Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген 100 діни қызметкерлерге арналған кемінде 5 курс өткізу, конкурс өткізу және өзге де талаптар бойынша жобасының сәйкестігін көрсетпеген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*әрі қарай - Қағидалар*) 223 – тармағына сәйкес ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін сонымен қатар мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; *(Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беругіге 0 балл тағайындалады. (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді))*

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтері

тағы басқа 5, 6, 7, 8 тармақшалары бар.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Сонымен қатар Қағидалардың 234 - тармағында көрсетілгендей, 233-тармақтың **1),** 2), 3) және 4) **тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен** жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, **конкурсқа қатысуға жіберілмейді**.

Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, қорытынды хаттаманы қайта қарастыруды сұраймыз.

Президент **Б.Бақыткелдіұлы**

Орын.: С. Дүйсенбаев
Тел.: +7 775 919 80 99

000001071